

## Еңбек нарығындағы жоғары жастар тобының рөлін зерттеу

М.Р.Газизова

«Экономика» мамандығы бойынша 1 курс докторанты  
gazizova-maiya@mail.ru

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.

Түйіндеме: Халықтың жас құрылымы елдің экономикалық, әлеуметтік, саяси және мәдени өмірінің түрлі салаларында маңызды рөл атқарады. Жастар мен қарт адамдардың арақатынасы басқарушылық шешімдерді әзірлеуге және қабылдауға әсер етеді. Мақалада Қазақстан еңбек нарығындағы жоғары жастағы адамдардың еңбек әлеуетін зерттеу қарастырылған.


Кілт сөздер: еңбек нарығы, жоғары жасқа тағы халықтың еңбек белсенділігі

Әлемнің көптеген дамыған және дамушы елдерінде халықтың қартаю үрдісі байқалады: жоғары жастағы жастағы халықтың саны өсуде, ал туу салыстырмалы түрде төмен деңгейде.

2050 жылға қарай әлемдегі әрбір алтыншы адам 65 жастан асқан (16%) болады. Болжам бойынша, 2019 жылдан бастап 2050 жылға дейінгі кезеңде солтүстік Африка мен Батыс Азияны, орталық және Оңтүстік Азияны, Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азияны, сондай-ақ Латын Америкасы мен Кариб бассейнін қоса алғанда, 65 жастағы және одан жоғары жастағы халықтың үлесі екі есе артады. 2050 жылға қарай Еуропа мен Солтүстік Америкада тұратын әрбір төртінші адам 65 және одан үлкен жаста болуы мүмкін. 2018 жылы тарихта алғаш рет 65 және одан жоғары жастағы адамдар саны бес жасқа дейінгі балалар санынан асты. 80 және одан жоғары жастағы адамдар саны: 2019 жылы 143 миллионнан 2050 жылы 426 миллионға дейін жетеді деп болжануда.

Халықтың қартаюы – ХХІ ғасырда байқалып отырған елеулі демографиялық өзгерістердің бірі. Адамзат тарихында алғаш рет планетадағы қарт адамдардың саны балалар санынан асып түсуі тиіс межеге жетті. 60 жастан асқан адамдар бүгінде жалпы саны 700 миллион немесе әлемдік халықтың 10% саналады. 2050 жылға қарай олардың үлесі екі есе артады және 20% құрайды, бұл шамамен 2 млрд. адамға тең [1, б. 3].

Қазақстанда да осындай тенденция тән, мәселен үлкен жастағы халықтың саны да артуда, оның салдарынан халықтың орташа жасы да ұлғайып келеді (Сурет 1).



Сурет 1. Қазақстандағы халықтың орташа жасы

Ескертту – [2] дереккөзі

Суретте көрсетілгендей, Республикада соңғы жылдары халықтың орташа жасы 2-ге артқан.

Демографиялық қартаю немесе эйджинг (aging ағылшын тілінен қартаю деген мағынаны білдіреді) – бұл орта жастың ұлғаюымен, халықтың жалпы санының егде адамдар үлесінің өсуімен және жастар үлесінің қысқаруымен сипатталатын үрдіс

Егде адамдардың пайыздық үлесі жиі халықтың қартаюын талдау үшін негізгі көрсеткіш ретінде пайдаланылады. Қазақстанда соңғы жылдары егде адамдардың үлесі үнемі артып келеді. 2011 жылы

65+ жастағы халықтың саны 108841 адамды құраса, ал 2019 жылы бұл көрсеткіш 1377571-ге өсті (Сурет 2).



Сурет 2. 2011-2019жж. аралығындағы Қазақстандағы халықтың санының және 65+ жастағы халық санының динамикасы


Ескерту – автордың [3] дереккөзі бойынша құрастырылды

Қазақстан Республикасында 2011-2019 жж. жалпы санындағы егде адамдардың үлесі 6,5%-дан 7,5% - ға дейін өсті. БҰҰ мамандары әзірлеген демографиялық шкала бойынша бұл көрсеткіш халықтың қарттық табалдырығында тұрғанын көрсетеді.

Өткен жылдармен салыстырғанда аға буынның ресурстық әлеуеті қазіргі уақытта неғұрлым тиімді. Сондай-ақ, үлкен жастағы адамдардың еңбек қызметіне белсенді қатысуы ұзақ өмір сүрудің және еңбек нарығындағы мәселелерді шешудің қолайлы факторы болып табылады.

Дегенмен, соңғы жылдары Қазақстанда зейнеткерлік жастағы қызметкерлердің жұмыспен қамтылу деңгейі төмендеп келеді

65 + жас шамасындағы халықтың едәуір үлесі ауыл, орман және балық шаруашылығында жұмыс істейді. Сонымен бірге қарастырылған кезеңде осы экономикалық қызмет түрі аталған жос тобында жетекші орында болды, алайда соңғы жылдары жұмыспен қамтылған күміс буын азаматтарының көлемі төмендегені байқалады.




Сурет 3. 65+ жастағы жұмыспен қамтылғандардың үлесі жоғары салалар

Ескерту – автордың [3] дереккөзі бойынша құрастырылды

Көптеген экономикалық қызмет түрлері бойынша 65+ жастағы жұмыспен қамтылғандардың саны 2011-2019 жж. аралығында азайған. Мысалы, өнеркәсіп, өнер, ойын-сауық және демалыс салаларында 2 есе азайған. Ал керісінше, көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу, көлік және қоймалау, тұру және тамақтану бойынша қызметтер салаларында жұмыспен қамтылғандардың мөлшері ұлғайған.

Белсенді қартаю стратегиясын іске асыру халықтың қартаюымен байланысты әл-ауқат саласындағы ағымдағы және болашақ проблемаларды шешу үшін тиімді құрал болып табылады.

Мәселен еңбек ұзақтығы жалпы халықтың өмір сүру ұзақтығы көрсеткіштеріне жағымды әсер етуі мүмкін (Сурет 4).



Сурет 4. Жұмыспен қамтылған зейнеткерлердің саны мен өмір сүру ұзақтығымен өзара байланысы

Е с к е р т у – автормен құрастырылды

Корреляциялық зерттеудің нәтижесіне сай, жұмыспен қамтылған зейнеткерлердің саны мен өмір сүру ұзақтығымен өзара байланысы өте жоғары, себебі корреляциялық тәуелділік оң мәнде көрсетіп, корреляциялық коэффициент 0,88 бұл айнымалы деректер арасындағы күшті байланысты көрсетеді. Қорытындылай келей, жасы жоғары адамдар тобының белсенді еңбек ұзақтығы жалпы өмір сүру ұзақтығын жоғарылатады деп айтуға болады.

Қарт адамдар бүгінгі күні білім мен денсаулық әлеуетін жинақтады, ол олардың еңбек белсенділігін одан әрі кеңейту үшін объективті негіз береді. Мемлекеттің міндеті-үлкен жастағы адамдардың еңбегіне деген сұраныс пен ұсынысты ынталандыратын қолжетімді құралдарды барынша кеңірек пайдалана отырып, осы әлеуетті іске асыруға көмектесу.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Доклад Верховного комиссара Организации Объединенных Наций по правам человека [Электронный ресурс] // Основная сессия 2012 года. – Женева, 23-27 июля 2012 года. – Режим доступа: URL: <http://www.unhcr.org/fileadmin/DAM/pau/age/wg5/Other-documents/E-2012-51-r.pdf>
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрлігі Статистика комитетінің Талдау ақпараттық-талдамалық жүйесінің мәліметтері // <https://taldau.stat.gov.kz>
3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрлігі Статистика бюросының мәліметтері // <https://stat.gov.kz>